

УДК/ ОӘЖ 347.6

**Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы**

заң ғылымының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: [alima.asetova@mail.ru](mailto:alima.asetova@mail.ru)

## ӘЙЕЛ ЖӘНЕ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Нақты мақалада әйелдер мен балалардың құқықтарының жан-жақты қорғалудағы теориялық және құқықтық мәселелері қарастырылған. Әйел мен баланың саяси, азаматтық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге ұлттық өңірлік және халықаралық деңгейлерде толық және тең дәрежеде қатысуы, сондай-ақ әйелдердің және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық-құқықтық нормалардың маңыздылығы, ерекшелігі және ауқымы зерттелген.*

**Түйін сөздер:** *әйелдер құқығы, бала құқығы, халықаралық конвенция, адам құқықтары, баланы қабылдайтын отбасы, бала қонақтайтын отбасы.*

*В данной статье рассмотрены теоретические и правовые вопросы всесторонней защиты прав женщин и детей. Исследовано полное и равное участие женщины и ребенка в политической, гражданской, экономической, социальной и культурной жизни на национальном региональном и международном уровнях, а также значимость, специфика и масштабы международно-правовых норм, направленных на защиту прав женщин и детей.*

**Ключевые слова:** *права женщин, права ребенка, международная конвенция, права человека, семья принимающая ребенка, гостевая семья.*

*This article discusses the theoretical and legal issues of comprehensive protection of the rights of women and children. The full and equal participation of women and children in political, civil, economic, social and cultural life at the national, regional and international levels, as well as the significance, specificity and scope of international legal norms aimed at protecting the rights of women and children are studied.*

**Keywords:** *women's rights, children's rights, international Convention, human rights, host family, guest family.*

Әйел және бала құқығын қорғау ежелден бері өзектілігін жоғалтпаған мәселе. Тарихи тұрғыдан карағанда, әйел ер адаммен салыстырғанда қорғансыз келеді. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция әйелдердің адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісім-шарты болып табылады, сондықтан оның ережелері, сондай-ақ әйелдердің құқықтарына қатысты басқа да халықаралық және аймақтық құжаттарға талдау халықаралық құқық нормаларын одан әрі дамыту тұрғысынан қазіргі халықаралық гуманитарлық құқықты сипаттауға қызығушылық тудырады.

Әйелдердің құқықтарын халықаралық қорғаудың құқықтық негізі мемлекеттер қабылдаған халықаралық-құқықтық нормалар. Бүгінгі таңда БҰҰ жүйесінде жиырмадан астам халықаралық конвенциялар қабылданды, олар қоғамдық өмірдің түрлі салаларында: саяси, экономикалық, әлеуметтік, білім беру және мәдениет салаларында әйелдердің және балалардың құқықтық мәртебесін реттейді. Әйелдердің және балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған арнайы халықаралық органдардың қызметін ұйымдастыруды және оны өткізу тәртібін реттейтін нормалар жүйесіне қосылады.

Осылайша, нормативтік материал жинақталғандықтан, халықаралық құқықтың дамыған саласынан - адам құқықтарын қорғаудан бірте-бірте шығатындықтан, әйелдердің және балалардың халықаралық құқықтарын қорғау институты құрылды. Әйелдердің және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық-құқықтық нормалардың маңыздылығы, ерекшелігі және ауқымы олар тек қана жинақ емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастарды реттейтін жалпыға бірдей өзара ішкі нормалар жүйесі деп қорытынды жасауға негіз береді. Алайда, әйел және бала құқықтары, олардың ерекшелігіне қарамастан, адам құқықтарынан бөлек қарауға болмайды. К.Томашевский әйелдер мен адам құқықтары жөніндегі монографияда әйелдердің құқықтарын қорғауды зерделеп, тіпті «әйелдердің арнаулы құқықтары» (ерлер мен әйелдердің мәртебесін теңестіруге қосымша құқықтар бойынша) терминін пайдаланбауды, алайда жалпыға ортақ жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікпен қорғалатын әйелдердің құқықтарын айтқан.

Әйелдер құқықтарын халықаралық реттеу тарихы Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін өткен үкіметтің өкілдерінің қатысуымен

халықаралық конференцияларға негізделеді. Д.Н. Коршунованың Монографиясында «Әйелдердің құқықтарын халықаралық қорғау» деп аталатын бірнеше конференциялар, олардың жұмысында әйелдер мәртебесін нақты талқыламағанымен, соған қарамастан кейбір әйелдердің проблемаларына тоқталды [1].

Конституциямыздың 27-бабында көрсетілгендей, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекет қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-анасының етене құқығы әрі міндеті. Осы құқықтық институтта адамның әлеуметтік құқықтары қамтылған, бұл құқықтарға ананы, әке мен баланы қорғау құқығы да, ең төменгі жалақы мен зейнетақы мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, денсаулық сақтау және медициналық көмек алу құқығы, білім алу құқығы және басқалар жатады. Конституцияның аталған нормалары Қазақстан Республикасының түрлі салалық заңнамасында дамытып, ашылуда және іске асырылуда. Отбасылық-неке қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық акт Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының кодексі болып табылады. Бала құқықтарын одан әрі қорғау мақсатында мемлекет «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі ҚР Заңына сәйкес «Бала қонақтайтын отбасы» және «баланы қабылдайтын отбасы» деген жаңа институттармен толықтырылды.

Бала қонақтайтын отбасы – барлық үлгідегі ұйымдардағы (білім беру, медициналық және басқалар), жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері)

тәрбиелеуге уақытша қабылдаған отбасы. Ана мен баланы қорғау міндеттерін реттеуге ана мен баланы қорғау бойынша түрлі құқық салаларын – неке-отбасы, азаматтық, еңбек және өзгелерді қамтитын тиісті заңнама бағытталған. [2]

Жас буынның бүкіл адамзат қоғамдастығының кепілді өміршеңдігімен және болашақта оның дамуын болжаудағы шешуші рөлі сөзсіз. Жоғарыда аталған фактілер жеке мемлекеттің юрисдикциясында бар проблемаларды шешудің мүмкін еместігі туралы куәландырады, бұл халықаралық құқық субъектілерінің, ең алдымен, мемлекеттердің құқықтарын қорғау қызметін үйлестіруді қажет ететін, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы. В. Овчинскийдің айтуынша, «жекелеген мемлекеттер қабылдаған шаралар жеткіліксіз болуы мүмкін. Балалардың құқықтарын қолдау үшін барлық мүдделі тараптардың бірлескен тәсілі қажет»[3].

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын халықаралық қорғауды қалыптастыруда Э.Джебб Балаларды құтқару жөніндегі халықаралық одағының негізін қалаушы маңызды рөл ойнайды. Дегенмен, жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, халықаралық-құқықтық құжаттарға қарамастан, кейбір балалар әлі күнге дейін зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінен зардап шегеді [4]. Мұндай қол сұғушылықтар адам өмірінің мағынасына қайшы келеді, себебі балалар қорғансыз және толығымен ересектердің қолында. Бұл факт балалардың құқықтарын кепілді түрде қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімсіздігін көрсете алады. Қазіргі жағдайда біртұтас ішкі мемлекеттік әлеуметтік-құқықтық базаны құруды көздейтін жаһандық стратегияны іске асыру орынды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лукашук И.И. Международное право, общая часть. Учебник. - М., 1996.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме.-Астана, 2018.
3. В. С. Овчинский Криминальное насилие против женщины детей: международные стандарты противодействия: сборник документов / сост.. М., 2008.
4. Антонян Е. А., Дрожжа Ю. С., Ханахмедова Л. В. Убийства детей: криминологическое исследование: монография. М., 2015.

#### Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы

**Лауазымы:** заң ғылымдарының магистрі, «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абай көшесі 94

**Ұялы. тел:** +7 747 688 97 91

**e-mail:** [asetova.alima@mail.ru](mailto:asetova.alima@mail.ru)

**Әйел және бала құқықтарын қорғаудың теориялық және құқықтық мәселелері**

**Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы**

**Должность:** магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «государственно-правовых дисциплин», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

**Сот. тел:** +7 747 688 97 91

**e-mail:** [asetova.alima@mail.ru](mailto:asetova.alima@mail.ru)

**Теоретические и правовые проблемы защиты прав женщин и детей**

**Korganbayeva Yerkesh Aidoskyzy**

**Position:** master of law, senior lecturer of the Department of "state and legal disciplines", Kazakh humanitarian and legal innovation University of Semey

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Astana, Semey, Abay str., 94

**Mob.phone:** +7 747 688 97 91

**Theoretical and legal problems of women's and children's rights protection**